



МЕРЕКЕЛІК ҚҰТТЫҚТАУ

ПРЕЗИДЕНТ



9 МАМЫР - ЖЕҢІС КҮНІМЕН!

Ғадірлі солтүстікқазақстандықтар!

Сіздергі Ғымы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын! Бұл күні Отан үшін өт кешкен ардагерлерге, майдан даласынан оралмаған, бейбітшілік үшін өз өмірлерін құрбан еткен барлық жауынгерлерге құрмет көрсетіледі. Соғысқа біздің облысымыздан 90 мыңнан астам адам шақырылды, олардың қиын бірі майдан даласынан қайтпады.

Солтүстікқазақстандық жауынгерлер соғыстағы шешуші шайқастардың барлығына қатысты. 314 атқыштар дивизиясы Ленинград маңындағы, Батық жағалауындағы, Алышдағы, Мехословакиядағы шайқастарға қатысып, Армагеддон азат етті. Еңіріңізден майданға аттанған 55 адам Кеңес Одағының Батыры, 11 жауынгер Оңтүстік орденінің толық кавалері атанды. 32 мың жерлесіміз Кеңес Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталды.

Мыңдаған солтүстікқазақстандық тылда еңбек етіп, майданды азық-түлікпен және барлық қажетті заттармен қамтамасыз етті. Мұның бәріне қажырлы еңбек арқылы қол жеткізілді. Адамдар Жеңісті жақындату үшін күш-жігерін де, қаражатын да аямады.

Құрметті солтүстікқазақстандықтар! Сіздің әкелеріңіз бен аталарыңыздың қанымен келген Ғымы Жеңіс - көпшілігіміз еліміздегі мәңгілік достық пен бауырластықтың негізгі тірегі.

Сіздерге шын жүректен зор денсаулық, бақыт, амандық және бейбіт аспан тілеймін!

Ғауез НҰРМУХАМБЕТОВ,
Солтүстік Қазақстан облысының әкімі.

Ғадірлі мағжандықтар!

Сіздергі Ғымы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Біз үшін 9 мамыр - баршамызды рухтандыратын және асқақтататын қасиетті мерекесі болып табылады. Бұл күні жүрегіміз бір жағынан шаттыққа толса, бір жағынан соғыстың зардабын тартқан аға ұрпақтың көз жасы бойындызы шымырлатады.

Ғымы Жеңіс күні адамдарға қанаулы уақыттағы қиындықтарды қалай өткізгендерін еске түсіреді. Біз Отамды қорғау үшін ажалына қарсы келегендерді мәңгі есте сақтаймыз, өйткені олар өздерінің батырлығымен Жеңісті жақындатты. Бұл біздің - Жеңіс естелік күніміз. Бұл - Ғымы батырлықтың күні.

Бүгінгі таңда біздің ауада 11 мың еңбеккері тұрады. Олардың біреуі - Ғымы Отан соғысы жылдарындағы қажырлы еңбегі үшін орденмен наградталған. Біздің аралымызға қайтыс болған ардагерді жұбайы да тұрады, ол күнделікті жауынгерлік ерлігімен есте сақтап келеді. Олардың төзімділігі, еңбегі және Отанға деген сүйіспеншілігі болашақ ұрпақ үшін мәңгі үлгі болмақ.

Өз өмірі үшін түгел жеріңіз бейбітшілігің, бостандығың мен тәуелсіздігің қорғағандардың бәріне мәңгілік естелік! Ғымы даласынан оралмаған, соғыстан кейін қайтыс болған жанғара, тылда еңбек еткендерге мың да бір алысымызды білдірейміз!

Мерекелеріңізбен, қыбатты жеріңіздер!

Ғымы Жеңіс күнімен!

Рахат СМАҒҰЛОВ,
Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі.

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ОЛҒА ҚАНГОЗИНАҒА «ЖАУЫНГЕРЛІК ЕРЛІГІ ҮШІН» МЕДАЛІН ТАБЫС ЕТТІ



5 мамыр күні Ақордада Мемлекет басшысы – Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы Қасым-Жомарт Тоқаев әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне мемлекеттік наградалар табыстады. Марапатталғандардың бірі - Мағжан Жұмабаев аудандық полиция бөлімінің аға жедел уәкілі, полиция майоры Ольга Кангозина.

Салтанатты жиында барша сардарлар мен сарбаздарды алдағы Отан қорғаушы күнімен құттықтаған Президент Ольга Кангозинаға салтанатты түрде «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін табыс етті.

Жоғары марапатқа ие болған жерлесіміз қазіргі кезде Мағжан Жұмабаев аудандық полиция бөлімінде аға жедел уәкіл қызметін атқарады. Бұл марапатқа полиция майоры 2021 жылы жасаған ерлік ісі үшін лайық деп танылып отыр. Қызмет бабында жүрген ол Хлебобобное ауылындағы сайлау учаскесінде Рожино ауылы

тұрғынына шұғыл көмекке келген. Толғағы қысқан келіншекті ауыл фельдшерімен бірге босандырған.

Жалпы Ольга Кангозина ішкі істер саласында 15 жылдан астам еңбек етіп келеді. Тергеушіден бастап аға жедел уәкілге дейінгі жолдан өткен. Әріптестері оны батыл, жауапкершілігі жоғары қызметкер ретінде сипаттайды.

Мемлекеттік марапат – Ольга Кангозина сынды қызметкерлердің кәсібилігі мен ерлігін мойындаудың жарқын көрінісі.

МЕРЕКЕ МӨЗЕТІ

ҚАРИЯЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ - МАЙДАНДАҒЫ ЕРЛІКПЕН ТЕН



Солтүстік Қазақстан облысының әкімі Ғауез Нұрмухамбетовтың қолдауымен 9 мамыр - Жеңіс күні, 80 жылдығына орай мерейтойлық медальдарды табыстады. Бұл соғыс жылдарындағы жаңсырлы еңбегі мен Жеңіске қосқан үлесі үшін құрмет белгісі. Кездесуде ардагерлер сол ауыр кезеңдер туралы естеліктерімен бөлісті.

Сол бір сұрапыл жылдары бұл жандар тынымсыз адал еңбегімен Жеңісті жақындатқан, тылда еңбек еткен жерлеріміз. Балалық, жастық шақтарында «Майдан үшін!», «Жеңіс үшін!» деп ұрандатып, тер төккендер.

Бүгін жүздерін өкім басқанымен, көздері қуанышқа толы. Олар ерекше марапатқа ие болып, құрметке бөленіп отыр.



Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-жылдығы қарсаңында аудан әкімі Рахат Смағұлов пен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағындықов тыл еңбекері - Алимпиада Гавриловна Макевичті құттықтап, «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» мерейтойлық медалін табыс етті. Бұл марапат - жастайынан тылда аянбай еңбек етіп, Жеңісті жақындатқан жандарға деген ерекше құрмет.

МЕРЕЙТОЙЛЫҚ МЕДАЛЬ ТАБЫС ЕТІЛДІ

Биыл жазда 99 жасқа келгелі отырған Алимпиада Гавриловна 1926 жылы 28 шілдеде Ақмолада дүниеге келген екен. Соғыс жылдары Петропавл қаласында болып, 1942 жылдан 1943 жылға дейін шеберханада қарапайым жұмысшы болып еңбек етсе, кейін 1949 жылға дейін 3-ші және 4-ші разрядты электрмонтер лауазымын атқарған жан.

Еңбекке ерте араласқан кейіпкеріміз «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы қажырлы еңбегі үшін» медалімен марапатталған өз ісінің майталманы.

Алимпиада Макевич соғыстан кейін де көп жыл бойы адал еңбек етіп, жолдасы Михаил Брыкановпен ұл-қыз тәрбиелеп өсірген.

Бүгін қария ұрпағынан тараған нәмере-шеберлерінің қызығын көріп отырған жайы бар. Қазір ол Булаев қаласында Наталья Госинаның

қолында тұрады.

- Құрметті Алимпиада Гавриловна! Сіздің тылдағы ерен еңбегіңіз Жеңісті жақындатуға зор үлес қосқаны сөзсіз. Сіздің замандастарыңыз балалық шақтары еңбекке туге арнап, әр салада аянбай жұмыс атқарды. Сондықтан бүгін Президентіміз Қасым-Жомарт Тоқаевтың атынан Сізге мерейтойлық медальды тапсыруға рұқсат етіңіз.

Сізге және Сіздің отбасыңызға амандық, игілік пен бақыт тілеймін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Ауданда бүгін 111 тыл еңбеккері тұратынын тілге тиек еткен Оралбай Шеріпұлы да қарияға мықты денсаулық тілеп, келесі жылы жүз жасқа аман жетуді тіледі.

Сондай-ақ бұл күні тыл еңбеккеріне құттықтау хат, гүл шоқтары мен сыйлықтар табыс етілді.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ҚАРИЯЛАРДЫҢ ЕҢБЕГІ - МАЙДАНДАҒЫ ЕРЛІКПЕН ТЕН

Жалғасы, 1-бетте.

«Сіздердің төзімділіктеріңізге, рух күшіңізге және Отанға деген шексіз сүйіспеншіліктеріңізге бас иеміз. Сіздердің арқаларыңызда біз бейбіт аспан астында өмір сүріп келеміз. Сіздерге мың тағзым және мәңгілік алғыс!», - деді өңір басшысы тыл ардагерлеріне.

Қариялардың еңбегі - майдандағы ерлікпен тең. Соғыста жауынгерлер шайқасып жатқанда, балалар мен қыздар, әйелдер егістікте, колхоздарда, зауыттарда, теміржолда тынымсыз еңбек етті. Сарбаздар майдан даласында от пен оқтын арасында жүрсе, бұл кісілер қара жұмыстан қашпай, бел жазбастан жұмыс істеді.

Осыған орай, облыс әкімі тылда аянбай еңбек еткен жандарды салтанатты түрде Жеңістің 80 жылдығына арналған мерейтойлық медальдарымен марапаттады.

Сондай марапатқа ие болған жерлестеріміздің бірі - Қарымсақ Қалиев. Ақсақал 1937 жылы 17 желтоқсанда дүниеге келген. Ауылдық кеңестің депутаты болған, ауыл өміріне белсенді араласқан жан. 10 жылдан астам туған кеншарда жүргізуші болып жұмыс істеп, зейнеткерлікке шыққанға дейін құрылыс бригадасын басқарған. Абыройлы әрі құрметті тұлға, үлгілі отбасын құрған отағасы. Бүгінгі таңда екі ұлдың әкесі, төрт немеренің атасы.

Келесі кейіпкеріміз Ноғайбай ауылының тұрғыны - Рақыш Қыдырмина, ол 1936 жылы 15 наурызда өмірге келген. «Алтын алқа» алқасының иегері атанған ақжаулықты әже 11 бала туып, тәрбиелеп өсірген. Қазыналы қария бүгін сол ұл-қыздарынан 31 немере, 29 шөбере мен 15 шөпшек көріп отырған жайы бар.

Иә, бүгін өскелең ұрпақ кешегі қан майдан уақытында жаумен арпалысқан ер-азаматтарын азық-түлік, киім-кешекпен қамтамасыз етіп, еңбекпен ұйықтап, еңбекпен оянып, осынау елді егемен қылған тыл ардагерлерін естен шығармауы керек. Соғыстың қысылтаяң кезеңінде сағы сынбай, жігері жасымай еңбек еткен ерендеріміздің ерлігін мәңгі есте сақтау бейбіт ұрпақтың парызы десек те артық болмас.

Яғни тылдағы еңбек майталмандары күн-түн демей, тоқтаусыз жұмыс жасады. Еңбеккерлері елде қарап жатпай, соғысқа аттанған майдангерлерге өзіндік қолғабыстарын осылайша білдіріп, сүбелі үлес қоса білді. Қазіргі тыл ардагерлері сол кездегі мектеп оқушылары еді.

Жеңіс - батырларымыздың қайтпас қайсарлығы мен жанқиярлық ержүректілігінің арқасында, тылдағы тоқтаусыз табандылықтың аясында келген нәтиже. Жаңа өмірдің бөлініс бөлшегіне айналған бейбітшілік мәңгілік болғай.



АППАРАТТЫҚ КЕҢЕС

КАДРЛЫҚ АУЫС-ТҮЙІС ПЕН ҚОНЫС АУДАРУ МӘСЕЛЕЛЕРІ ҚАРАЛДЫ



6 мамыр күні аудандық әкімдікте кезекті аппараттық кеңес өтіп, аудан әкімі Рахат Смағұлов жиынды кадрлық тағайындаулардан бастады.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2025 жылғы 5 мамырдағы өкімімен Абай Серікұлы Қазисов аудан әкімінің ауыл шаруашылығы мәселелері жөніндегі орынбасары лауазымына болып тағайындалды. Абай Серікұлы еңбек жолын «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жер инспекциясы басқармасы» КММ бас маман-мемлекеттік инспекторы болып бастады, кейін үш жылдан аса аудан әкімі аппаратының басшысы болып қызмет етті.

Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің 2025 жылғы 5 мамырдағы өкімімен

Бүркіт Рамазанұлы Қасымов құқықтық мәселелер жөніндегі құрылымдық бөлімшенің басшысы лауазымына қабылданды. Бүркіт Рамазанұлы 1985 жылы туған, Сергеевка қаласының тумасы, құқықтану мамандығы бойынша жоғары білімі бар. 2011 жылдан бастап өртүрлі салаларда жұмыс істеді.

Мағжан Жұмабаев ауданы ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы Сәуле Нұрқайдарова атқарып жүрген қызметінен өз еркі бойынша жұмыстан шығуына байланысты аудан басшысы алғыс білдірді.

- Сәуле Еркінқызы, аудан активі атынан Сізге іскер басшы ретінде көп жылдық адал еңбегіңіз, жоғары кәсібилігіңіз және ауданның ішкі саясатын, мәдениетін, тіл саласын дамытуға қосқан елеулі үлесіңіз үшін шын жүректен алғыс білдіремін.

Сізге зор денсаулық, отбасылық амандық, жаңа жетістіктер мен алдағы өмір жолында шабыт тілейміз, - деп Рахат Назымбекұлы Алғыс хат табыс етті.

Содан кейін аппараттық кеңестің күн тәртібіне шығарылған еліміздің жұмыс күші артық өңірлерінен Мағжан Жұмабаев ауданына отбасыларды көшіру

бағдарламасын орындау туралы мәселе қаралды.

Ауданының мансап орталығы филиалының директоры Динара Мұхамеджанова 2020 жылдың басынан бастап ауданға 255 отбасы (875 адам) көшіп келген және әр түрлі себептермен 63 отбасы ауданнан тыс жерлерге қайтадан көшіп кеткенін тілге тиек етті.

- Бүгінгі таңда 13 отбасы алған субсидияларын жергілікті мемлекеттік табысқа өз еркімен қайтарды. Көшіруге субсидияларды қайтару туралы 22 талап арыз сотта қаралуда. 2025 жылы ауданға жұмыс күші артық өңірлерден 58 отбасын (195 адам) және 25 адамнан тұратын 6 қандас отбасын көшіру жоспарлануда, - деді Динара Фарманқызы.

Мәселені талқылағаннан кейін аудан әкімі мансап орталығына Жамбыл және Түркістан облыстарына іссапарлардың оң тәжірибесін ескере отырып, қоныс аудару бағдарламасын танымал ету бойынша жұмыс күші артық өңірлерде белсенді ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды.

Сондай-ақ жұмыс берушілермен және білім беру ұйымдарымен бірлесіп тапшы салаларға (ауыл шаруашылығы, денсаулық сақтау, білім беру және т.б.) мамандарды тарту жөніндегі жұмысты күшейту және гранттар қаражаты мен экономикалық ұтқырлық сертификаттарының ұтымды пайдаланылуына бақылауға алу, елді мекендерде бос тұрған үйлерге қайта аудит жүргізу, оларды тезірек қоныстандыру жөніндегі шараларды қамтамасыз ету бойынша міндеттер жүктеді.



6 мамыр күні Булаев қаласының орталық алаңында Отан қорғаушылар күні мерекесіне орай, салтанатты жиын болып өтті.

Аудан әкімі Рахат Смағұлов қатысқан ауқымды іс-шара аудандық полиция бөлімінің, төтенше жағдайлар бөлімінің және «Мағжан» шекара бөлімінің техникасының, қару-жарақтары мен басқа да әскери құралдарының көрмесінен басталып, аудан аумағында қызмет ететін әскери құрылымдардың заманауи құрал-саймандары паш етілді.

Содан кейін «Ұранды ердің - ұрпағы қайсар» атты концерттік бағдарлама басталып, аудан әкімі жиналғандарды 7 мамыр – Отан қорғаушылар күнімен құттықтады.

- Биыл атап өтілетін Отан қорғаушылар күні Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80-ші мерейтойлық жылында ерекше маңызға ие болып отыр. Біз ардагерлерімізге - майданда соғысып, тылда еңбек еткен-

дерге, Ұлы Жеңісті керемет күш-жігермен және шығындармен жақындатқандарға, әлемнің әр жерінде интернационалдық борышын өтегендерге алғыс айтамыз.

Біздің ауданда тағдырлары тарихтың бір бөлігіне айналған және батылдығы ең жоғары алғыс сөздеріне лайық ауған жауынгерлері көп тұрады. Олардың тәжірибесі мен азаматтық ұстанымы бүгінде жастарды патриоттық тәрбиелеуге тірек болып табылады. Мағжандықтар біздің ауданда батырлардың ұрпақтары өмір сүріп, өз істерін абыроймен жалғастырып жатқанын мақтан тұтады.

Бүгінгі таңда Мағжан Жұмабаев ауданынан 28 жас Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері қатарында абыроймен қызмет атқарып жатқаны ерекше қуантады. Олардың таңдауы -

Отансүйгіштіктің, батылдықтың және Отанды қорғауға дайындықтың жарқын айғағы.

Осындай айтулы күн қарсаңында Ақордада Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан Мағжан Жұмабаев ауданы полиция бөлімінің аға жедел уәкілі, полиция майоры Ольга Сергеевна Кангозина «Жауынгерлік ерлігі үшін» медалін алды. Сонымен қатар, аудан прокуроры - Жалби Ғани Қуанышұлы да өділет аға кеңесшісі шенімен құттықтаймыз, - деп Рахат Назымбекұлы марапатқа ие болған мағжандықтарға ерекше алғысын білдірді.

Осыдан кейін көктемгі су тасқыны кезінде батылдық пен жанқиярлық танытқан шұғыл қызмет өкілдері, әскери қызметшілер, еріктілер және қарапайым

азаматтарды марапаттау рәсімі өтті.

Олардың үйлесімді әрекеттерінің арқасында ондаған адамның өмірін сақтап қалуға, мүлкті қорғауға және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік туды. Төтенше жағдайдың салдарын жоюға қосқан үлесі үшін алғыс ретінде олардың үздіктері бүгін облыс әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

Одан әрі мереке оқушылардан құралған жас сарбаздардың сап түзеуімен жалғасып, жиналғандар жас қаратәшілердің көрнекі өнер көрсетуін тамашалады.

Мереке соңында аудандық Мәдениет үйінің көркемөнер-паздары концерттік бағдарлама ұсынып, көрермендерге патриоттық өндер шырқады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«ҰРАНДЫ ЕРДІҢ - ҰРПАҒЫ ҚАЙСАР»

ХАЛЫҚ БІРЛІГІ ДӘРІНТЕЛГЕН КҮН

1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күні мерекесі ауданда кеңінен тойланып, Булаев қаласындағы «Достық» демалыс саябағында «Бірлестік отбасында» айтып үлкен мерекелік іс-шара өтті. Бұл мереке аудан тұрғындары мен қонақтарының бір шаңырақ астына біріктіріп, халық арасында бірлік пен достықты паш етті.



Алдымен аудан әкімі Рахат Смағұлов аудандық тарихи-өлкетану мұражайында этномәдени орталықтармен қоғамдық бірлестіктердің жетекшілерімен кездесіп, олардың ауызбірлік пен түсіністік, қарапайым сыйластық пен құрмет сияқты қасиеттерді насихаттап жүргені үшін алғыс білдірді.

- Біздің елімізде қалыптасқан ұлттар тұтастығы мен халықтар

достығының арқасында бүгінде мемлекетіміз өркендеп, ілгері басып келеді. Бүгінгі жиын Қазақстанда тұратын түрлі этностар арасындағы ынтымақтастық пен өзара іс-қимылды нығайтуға бағытталған маңызды қадам болып табылады.

Ендеше, елімізде тұрып жатқан көпұлтты халықтар арасындағы бірлік пен ынтымақтастығы одан әрі нығая берсін!



Мереке күні баршаңызға амандық, береке-бірлік пен табыс тілеймін, - деді Рахат Назымбекұлы.

Содан соң, аудан басшысы «Достық» демалыс саябағында бой көтерген этноауылды аралап, достық фестивалінің куәсі болды. Мәселен, мереке барысында ауданның этномәдени бірлестіктері бірегей тұрмыстық заттарды, әр ұлттың дәмді тағамдарын және Қазақстанның мәдени мұрасының байлығын бейнелейтін қойылымдарды ұсынды.

Сахна төріне көтерілген аудан әкімі Рахат Смағұлов мағжандықтарды Қазақстан халқының бірлігі күнімен құттықтап, ауданда алғашқы рет Сәуле Нұрқайдароваға «Қазақстан Ассамблеясына 30 жыл» медалін табыс етті. Сонымен бірге, аудан басшысы этносаралық келісімді

нығайтуға елеулі үлес қосқан азаматтарды Алғыс хаттармен және Құрмет грамоталарымен марапаттады.

Мереке аясында «Мағжан Барысы» атты қазақ күресінен аудандық турнир өтіп, «Аманат» партиясы аудандық филиалы жеңімпаз бен жүлдегер бадуандарға ақшалай сыйлық табыстады.

Ал аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары халыққа концерттік бағдарлама ұсынып, өңірлер әуенді ән шырқаса, бишілер ұлттық би билеп, барша мағжандықтарға ұмытылмас эмоциялар мен қуаныш сыйлады.

Халық бірлігі дәріптелген мереке - біздің көпұлтты қоғамымыздағы достық пен өзара түсіністіктің маңыздылығын еске салып, бірлік пен бейбітшіліктің символына айналды.

«ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ӨШПЕЙТІН ЕРЛІК»

СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ЕЛ ТІРЛІГІ



Ұлы Отан соғысы 80-жылдық тойы күнін - еліміз үлкен қуанышпен салтанатты рухпен қарсы алғалы отыр. Ұзағынан сүйіндіріп, қайырғы құтты болсын!

Қарғыс атқыр соғыс атауы, әлемдегі бар елдің тіліндегі, түсінігіндегі ең бір суық, ауыр, адамзат жүрегінің жаншып, өзін, мұздатып, бойын-ойын түршіктіріп, қаһары үрей туғызып әкелетін зұлмат зардабы, зорлық-зомбылықпен қорқыныш, ажал көзі екенін бар әлем халқының жиіреніп жек көретін кешу кешірімге сыймайтын тажал сөзі болып қалатынына ежелден шүбе келтірмеген шығар.

Арам сүркія ойлы немес фашист-басқыншы жауыз жөндеттері кенеттен жарияламастан екі ел арасындағы «пакті» келісім шартын бұзып, 1941 жылы 22 маусым күні Кеңес Одағына қарсы соғыс ашты. Қаннен қалперіс жатқан бейбіт елге.

Басына қаралы күн туғанын жау шапқанын Мәскеу орталық ақпарат бюросынан хабар келіп түскеннен кейін, аттандаған үндеу келіп, шақырту қағазын алған соң, Бинаш, Қантай, Кемел ауылдарынан 75-тен аса азамат Отан алдындағы борышты міндетін атқарып, орындауға, елін, туған жерін қорғауға Батыс қайдасын деп аттанған еді.

Бірақ сәтте ел-жұрт халқымыз мандайын тасқа соққандай бейкүне шарасыздықты қайғылы қара бүлт жапқандай күлге түсті.

Еліміздің атан жалік нәр туғанға бас көтерер жалындыған жас ер азаматтары соғысқа алынған соң, ел ішіндегі барлық күнкеріс аясындағы, сонымен қатар, колхоздың бар шаруашылық жұмыстары, еңбек майданының қам-қарекет ауырталығы шал-шауқан, денсаулығында мүгедектік ақауы бар, заты әйел келін-келпешек, жасөспірім буыны қатпаған балалардың басына түсті.

Алтын уақыт емші десек те, өмір-тағдыр өз дегенін істейді ғой.

Даладан сықырлаған суық сары аязды күні колхоздың жұмысынан аналары жүгіре басып, үйге кіріп келгенде, бет-ауыздары бүрісіп, жаурап, тоңған жыртқы көрпе, күлі жамылып отырған балаларына, қойны-қонышына тығып жасырып өкелген, қырман-қамба басынан, уысты құлақ бидайды пешке, отты тұтатып жағып, қолма-қол қуырып, қызыл түймебас қурайдан, көпкен жидек қосқан шайды қайнаттып, талқажау қылып, балалардың айналып, толғанып отырып, көңілі босап, көзден аққан жасты көрсетпей, басындағы орамалдың ұшымен сүртеді екен.

Не деген дәрменсіздікті ұмытылмас



күндер, бұл да басымыздан өтер-көтер деп, іштей өзін жұбатып, кімнің болса да жүректің түбінде, жақсылықтың үміт оты, жұлдызы сөмбеген еді.

Бір сарында жазы-қысы жүріп жатқан, ұшы-қиыры мардымсыз, күнделікті күйі, жұттай тіршілік, алапат соғыстың өзери қатты тиді. Жан баласының бөрінің өзегін өрттеп, қажытып, күйзелтіп, осы кү өмірден құтыларға басқа амал лажы жоқтай көрініп, өте төмендеп титықтаған тұрмыс, жетпеушілік пен жоқшылық тауқыметі қай елді болса да, ешкімді де есіркеп, аямайтын өтпестей бір созылған кесел кезеңнің артында жақсылықтың нұрлы күн туып, ұзамай Жеңістің келетініне сенім мол еді, еліміздің.

Қазақстандағы Қарағанды мен Қырғызстандағы көмір бассейндеріндегі шахталарға уақыт талабына қарай, көп жұмысшы қажет болды, өндіріс салаларына қол күшімен атқарылатын қара жұмыстарға кісі жағы жетіспеушілігі тапшылығы қатты қиналыс туғызды. Кеңес Орталығы Министрлігі қаулысы қатаң нұсқаулы бұйрығымен ер елді шет аймақтар мен қалалардан 15-17 жастаан жаңа асқан жастарды жергілікті атқарушы ауыл советпен қалалық комитеттердің ұйымдастыруымен топ-тобымен жинап, поезбен лек-легімен жөнелтіп салып жіберіп отырған.

Негізгі мақсат – үлкен қалаларды, зауыт-фабрикаларды, өндіріс орындарын отын-көмірмен қамтамасыз ету болатын.

Қарағандыға шахтаға Бинаш ауылынан аттанып, шахтаға түскен Абдрахманов Сапарбек, Ақбаров Жұмажан, Отыңшын Смаң және Дүйсекеден Тоқтаров Хамадқали (Хамит), Қантай ауылынан Үкенов Нығмат бәрі бірге аман-есен соғыстан кейін елге оралған. Шіркін-ай, өтпеген-ай деген дүние болған екен. Отыңшын Смаңның зобайда үстіне үлкен кесек тас көмір құлап, елге Абдрахманов Сапарбек бірде сүйемелден,

бірде арқалап жеткізген екен. Ақыры, соның залалынан ауруы меңдеп, ем қонбай, қайтыс болған.

Тоқшыға тракторшы оқуына Бинаш ауылынан соғыс жылдарында елден төрт қыз жіберілген: Еламанова Салиқа Дайырқызы, Макина Құлдаш Жиеналықызы, Көшершина Рәзия Елеусізқызы, Шортаева Бәтжан Жұманқызы.

Қысқы уақытта жаяулап, жалпылап жүріп, азық-түлігін арқалап алып, титықтап, суық бір ескі үйде тұрып, пешке жағатын отын да шамалы болған, өлместің күнін көріп, ағаштан шырылы-шылан жаяулап, құлағанын жинап, қыстан амалдап аман шығып, оқулық құрстан өтіп, тамамдап, елге аман оралған. «Нәти» тракторшы халық арасында «колесный» атанған, көктемгі егіс басталғаннан қара күзге дейін Бәтжан мен Салиқа апаларымыз тракторларға отырып, жер жырттып, егін еккен.

Ал Рәзия мен Құлдаш апайларымыз тоқ пен қырман жұмыстарында істеп, ер азаматтар істейтін жұмысты атқарып, ағалары мен әкелерінің қолын жөңілтіп, тапсырған шаруаны мүлтік мінсіз жасаған.

Бес жылға созылған соғыстың ауырталығын елде жасы ескер жасынан өткен шау тартқан қария аталарымыз, әйелдер қатарынан келін-кепешек қыздар мен жасөспірім балалардың бар үй-күй тұрмысы және колхоздың егін мал, басқа да шаруашылық түрлерінің атқару бейнет бөрінің мойнында болған.

Сонымен қатар, олар көктемгі егін егу жұмыстарына тұқым дайындау, қол күрөкпен бидайды ұшырып тазалау, оны қаптап, өгіздермен егістік алқабына жеткізу, дән сепкішке салу сияқты ауыр жұмыстар атқарған. Одан қалды, жанар-жағармайды атпен жеткізіп, тракторларға құйып отырған.

Егіс аяқталысымен бәрі колхоз малына шап дайындау науқанына кіріскен. Қыстан

аман шығу үшін жабыла жүріп, қажетті көлемде мал азығын дайындаған.

Пішендеу жұмыстарынан кейін күз кезінде ауыл халқы астық соғуды бастап, жұмыла жинаған дәнді Қарақаға станциясындағы элеватордың қойма-қамбасына атпен, өгізбен жеткізіп отырған. Шамасы, одан әрі астықты Қызылжар қаласына жіберіп, ұн тартатын қуатты диірменге жөнелткен.

Соғыс жылдарындағы еңбек майданында көшбасшы ақылқосшылықпен ел үлкендері қолын қусырып қарап отырмаған. Арынғазин Аманжол, Бағанов Жұмабай, Баймұрзин Бөлеген, Ботин Кәрібай, Досанов Үкен, Жанғабылов Құсайын, Жұмағұлов Кенжетай, Жұмағұлов Мұқыш, Тіленшин Жүсіп, Нұрмағамбетов Шәріп, Жаманбаев Базарбай, Жапаров Маралбай, Кешенов Кәли, Макин Жиеналы, Мизамбаев Жаманбай, Оразқов Ахметжан, Сәдуақасов Дәндібай, Өстеміров Омар, Қонысбаев Шәріп сынды аталарымыз аябай еңбек жасап, маңдай терлерін төгіп, Жеңіс күнін жақындатуға үлкен үлес қосқан.

Елден барып, жан беріп, жан алысқан қанды қырғын соғысқа қатынасқан жауынгер аталарымыздың қапа жартысынан көбін елдің дәм-тұзы тартпай, кіндік қаны тамған ата-жұртың топырағы бұйырмай, қиян-кескі ұрыста майдан даласында мерт болып, жеңіс күніне жете алмай, шейіт кеткені қандай өкініш.

Енді біз Карл Маркс колхозын басқарған ер азаматтарды атап өтсек, 1938-42 жылдары Нұрке немересі Айтжанов Дүйсебек басқарған. Содан істі болып 10 жылға сотталып кетіп, Қарлағта отырған. 1942-45 жылдары елді Жауарбаев Кенжетай, 1945-47 жылдары Еламанов Серғазы, 1947-1950 жылдары аралығында Аманжол Қуандық басқарған.

Дегенмен, бөрің бірдей атап өтіп, тізу мүмкін емес, елдегі бар әйелдер шетінен қатынасқан.

Қиыншылықты күндерде ауылда шағын мектеп пен кеңсе жұмыс істеген, оны да отынмен қамтамасыз ету ауыл халқының мойнында болған.

Халық даналығынан шыққан сөздің қасиеті, ел іші алтын бесік деп, тегін айтылмасаң ақиқат. Азаматы соғыста үй ішіндегі және сырттағы шаруашылық нәзік жанды әйелдің бір өзіне қарап қалған ғой.

Қатты ат құлағы көрінбейтін борандарда жер үйлердің үстімен сырға жүріп, ескі-терезелерді басып, сыртқа жан баласы шыға алмай қалған күндер болған. Соны байқап бамайлап, көрші қоланға көз салып, жанашырлықпен қарап жүрген қариялар қол күрегің алып, қар басқан үйлерді қардан аршып, есіктен күреп отырған және есіктерің үйдің ішіне ашылатын қылып берген.

Қолыңда жан асырап, жан сақтап отырған жалғыз ырыс көзі – сиырына шеп азығымен көмектескен. Бұл рақым-шылықты, жанашырлықты, қолқабасты, қайырымдылықты үлкендердің аузынан естідік.

Соғыс тоқтап, жеңіс күні туғанша, бейнетке моймайып, қапын сынбай, адам аты, нанғысыз күш-қайратпен, қайтпас жігермен, ел басына туған зауал-наубетке қарсы тұрып, мойнымен көтере білген. Не деген елқанды, ұлтжанды, Отансүйгіш қасиеттер.

Нұрлан ЕЛАМАНОВ,
Бинаш ауылы.

ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Міне, Ұлы Отан соғысының жеңілен арқаматтарына да 80 жыл толып өтті. Бірақ осы ел кездері кезе халқының тәуелсіздігі мен ержүректілігін паш ететін, тарихта мәңгілік өшпес қалатұғын ер. Тарихта 1418 ер мен тәртіп созылған Ұлы Отан соғысы халқымыздың бағына монғол ең ауыр қирдер болды. Сол кездері Кеңес Одағының басқа халықтарымен бірге Жауды талғанда, жеңіске жету ісіне қарас, халқы да өзінше лайықты өлеңін жазды. Соның ішінде менің аталарым Дүйсебаев Әсетің мен Әсетіңов Қорнаның жайында өз етесіңіз.

МЕН АТАММЕН МАҚТАНАМЫН!

Кейін балтамен ағаштан үй қиып салып, екі қолынан өнер тамған шебер, қарапайым еді...» деп жататын. Ерліктің айғағы өлі де ел ауызында қалатыны сөзсіз.

Сәрсімов Құрмаш – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері және еңбек ардагері. Ол 1923 жылы 15-желтоқсан күні Солтүстік Қазақстан облысының Булаев ауданындағы Құралай ауылында дүниеге келген. Құрмаш төрт сыныптық мектепті бітіреді. Әкесі Сәрсімің ол кезде өз елігінде шамалы жері болған. Кішіентай Құрмаш жастайынан осы жерде еңбек етеді.

1941 жылы кенеттен Ұлы Отан соғысының шарлуы басталысымен, 1942 жылы әкесі Сәрсімі мен Құрмаш майданға аттананды. Бұл кезде Сәрсімі 41 жаста, ал Құрмаш болса 18 жаста ғана болатын. Соғыстың басынан аяғына дейін талай қиян-кескі шайқастарға қатысқан. Әкесі Сәрсімі Ленинград қоршауында қаланы фашизм тырнағынан босатуға қатысқан. Сәрсімі сол жерде 1942 жылдың тамыз айында Жеңіс жолында құрбан болады. Ал Құрмаш болса, Беларусьті, Кенисбертті азат етуге күш салысқан. Соғыс қарсаңында кавалерист болса, кейіннен артиллерист, сонан соң гаубицада нысанашы қызметін атқарып, сержант атағын иеленеді. Сонымен қатар, бөлімше командирі болып, ылғына жолдастарымен қол бастап, қоршауды бұзып, жауға төтеп

беріп отырады. 1944 жылдың 1-ші сәуірінде сол аяғына оқ тиіп, жеңіл жарақат алады. Соған қарамастан, Құрмаш бөлімшедегі жауынгерлердің мінез-құлқын, парасатын, елі үшін шыбын жанын қиятын ерлігін керемет білген. Соның арқасында оларды ерлік жеңістерге бастап, жігерлендіріп отырған. Сонымен қатар қарамағындағы жауынгерлердің ақылғы жетекшісі, зерделі де білгір, байыпты да мейірман тәрбиеші де бола білді.

Құрмаш - өте өжет, қайсар болғандықтан да шығар, лебізі суық соғыстың соңына дейін парызмен, борышын өтеп, артында келе жатқан ұрпақтың, яғни, біздердің аспаны ашық болар деп қасық қанын төгіп, өз қызметін атқарды. Ақырында, 1945 жылдың 9 мамырында қантөгіс соғыстың аяқталуын, яғни жеңіс күнін Калининград қаласында қарсы алады. Әйтеуір дегенде Отанын фашистерден, баққұмар Гитлердің ұйтқысынан қорғап, жерлерімізмен бірге елге аман-есен оралады. Туған ауылына қайтып оралған соң, ол бірсыпыра жыл ұжымшарда жұмысқа орналасып, балташы болып қызмет істейді. Өмірінің соңғы сәттерін отбасы жағдайына арнайды. Сөйтіп, қарт жауынгер 60 жасқа таяп барып өмірден өтеді.

Соғыс кезінде Құрмаш «Жауынгерлік еңбегі үшін» 1943 жылы 27 тамызда, «III дәрежелі

Даңқ» 1944 жылы 6 қазанда, «I дәрежелі Ұлы Отан соғысы» 1945 жылы 16 сәуірде сияқты ордендермен марапатталады. Және соғыстан кейін «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің жиырма жылдығы» 1965 жылы 7 мамырда, «КСРО Қарулы Күштеріндегі 50 жылдығы» 1987 жылы 26 желтоқсанда, «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы жеңістің отыз жылдығы» 1975 жылы 25 сәуірде, «КСРО қарулы күштеріндегі 60 жылдығы» 1978 жылы 28 қаңтарда медальдары берілді. Бұлардан басқа тағы үш медаль болыпты, қазірге дейін қағаздары сақталмаған.

Міне, Құралай ауылының түлегі, сұрапыл соғыста бөлімшені басқарған қазақтың ержүрек ұлдарының бірі - Құрмаш Сәрсіміұлы өмірінің, ерлігінің, еңбегінің бір үзік дерегі осындай.

«Ерсіз ел болмайды, елсіз ер болмайды», – дейді Батыр атамыз Бауыржан Момышұлы. Ұлы Отан соғысында ел күйреп, талай адам ажал құшты. Сол соғыста өзінің қайсар ерлігімен, қайратты мінезімен келер ұрпақтың болашағы үшін өз басын елімізге байлап, ажалмен алысып, жеңіс туын тіккен барша батыр балаларға мың алғыс.

Сабыр СӨРСІМОВ,
Қызыл Қазақстан орталық мектебінің
тарих пәнінің мұғалімі.



Бұл күнді соғыстың алғы шептерінде қайсарлықпен шайқас жүргізіп, ерліктің сан үлгісін көрсеткен ардагерлер тойлайды. Ұлы Жеңіс күні елі мен жері үшін жанын пиде еткен, туған-туысқандарына, жақын-жарандарына, туған жеріне, ауылына оралмай қалған қаһарман ерлерді бүкіл ел болып еске түсіреді.

Менің екі атам соғысқа аттанып, соның бірі ғана елге аман оралды. Ең өкініштісі, мен өзім аталарымды көре алмадым. Шәріпжамал әжеміңің әңгімелерін естіп атамның ерлігі жайлы ақпарат біткен өстім. «Ата» деп мандайынан иіскеп, мойнына асыла еркелеп құшақтай алмадым. Суретіне қарап кезіме мөлтілген жас келеді. Алайда, бір қуантарлығы осындай батырлардың арқасында бейбіт өмір сүріп жатырмыз. Бала кезімде ауыл ішінде көзі көргендер «Күреңек соғыстың нағыз алғы шептерінде болды.



«ӨШПЕС ДАНҚ»



Қаға бұлт тоғлап көкті тұмшалап,
Жең үстін қан мен қайғы қымтаған.
Жас үміт жұлдыздай сөніп жатты,
Арұлар көз жасын жасыға алмаған.
Сағнайып тарих беттерінде,
Қанымен жазған көп ерлерін де.
Ұлы Отан үшін жанын беріп,
Шайқасты жаумен шекерінде.
Жас жігіт кетті майдан жаққа,
Анасы қарады ұзап атқа.
«Жеңіспен оғал!» — деді жылап,
Сағныш толды туған баққа.
Қылыштың жарқылы, оқтын үні,
Жанардан жоғалды оттың күлі.
Ананың жүрегі қанға боялып,
Баласын күткенмен жоқ үміті.
Жең жылап, аспан да мұңа батты,
Көктем де гүлдерін құндақтады.
Соғыссыз күндерді аңсап бәрі,
Шыныштық тіледі таңмен жарық.
Оқ жауған, от шарпыған қыр,
Жеңісті жақындатқан жыр.
Батырлар қайсаң, рухы мықты,
Шәуелсіз таңға ашты бір.
Сол күннің әрбір сәті ұмытылмас,
Бейбіт күн — сәлаф берген
құнды мұра.
Ерлікті ұрпақ жадында сақтап,
Шау етіп тұрар әрбір қылаң.
Ұмытпа, бұл күнді, өткендерді,
Қасиет шеккен көп жетімдерді.
Шыныштық туы желбірен,
Еске алайық, жеңісті көктемдерді!

Сәуле МҰКАНОВА,
Медвежеска орта мектебінің
тарих пәні мұғалімі.

ЕСІҢЕ АЛ, ЕРЛЕРДІ!

Ұақыт тарих бетін парызтайды. Күн тізіліп, ай алмасып, жылдар жылдар өтеді. Еңбегі ұяқты ұяқтығы, мерзім межелі көпестілігі, көзден таса, көңілден ұяқты қалдыра алмайтын жылдар, еңкейер белады. Сондықтан халық соғыс әкелген қайғы-қасиетті, тилілендеген адамның өмірін қиып, адам қылымен жасаған ұлы құндылықтарды талқандаған қапталық, сұрапыл сегесті еңкейген ұмытпа алаңайды. Соғыс өзінің сұмдықтарын бүгінгі күнге дейін ұмыттырар емес. Ұлы Отан соғысының жеңісін аяқтағанына міне, 80 жыл бөлді.

Бірақ, сол жылдардағы жаңғырық адамзат жүрегінің әлі сыздау-да. Ұақыттың тарих атты өз төрешісі бар. «Ер өлсе де еңбегін ел өлтірмес, неше жыл өтсе де тарих білме», — деп Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай бүгінгі өміріміз үшін құрбан болған аталарымыз ешқашан естен шықпайды, ұмытылмайды. Біздер соғыс қайталанбауы үшін, оның зардаптарын, біздің келешегіміз үшін жанын қиған жерлестерімізді ұмытуға құқығымыз жоқ, біздер есте сақтауға міндеттіміз...

Ұлы Жеңістің 80 жылдық мерейтойы — соғыс жылдары елін қорғап ерлік жасағандарды, майдан алаңында көз жұмып хабарсыз кеткендерді, елде ерен еңбек еткендерді еске алып, Жеңістің қалай келгендігі жайлы ойланатын кезең. Жеңіс қарсаңында соғыста мыңдаған қаза тапқандар, соғыстың азабын тартқан жазықсыз жандар, майданнан туған-туыстарын зарығып күткен адамдардың бейнелері көз алдымызға келеді. Ел басына күн туғанда ауыл азаматтары қолдарына қару алып, ел қорғауға аттанған болатын.

Талай қанды қырғынды бастарынан көшіріп, жеңісті жақындатқан майдангер батыр аталарымыз болатын. Тарих қойнауына тереңдеген Ұлы Отан соғысы жыл өткен сайын бізден алыстап барады. Ардагерлер қатары азайып, фашистерге қарсы күресте ерліктің үлгісін көрсетіп, туған Отанымызды, туған жерді қорғаған майдангерлер саны ортамыздан жылдан-жылға азайып барады. Қиын кезеңде жастардың барлығы қолдарына қару алып, майдан шебіне аттанған болатын. Туған елін, туған жерін және халықты жаудан қорғау үшін қасық қаны қалғанша соғысып, майдан шебінде ерлік көрсете білді.

Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай соғыс жылдары елін қорғап, ерлік жасағандарды, майдан алаңында көз жұмып хабарсыз кеткендерді, ауылда ерен еңбек еткендерді еске ала отыра, болашақ ұрпаққа Жеңістің қалай келгендігі жайлы жазуды жөн көріп қолыма қалам алдым. Әр ардагердің Ұлы Отан соғысында өткен даңқты жолы, жарқын бейнесі ескең ұрпақтың жүрегінде мәңгі сақталса екен деймін. Біздің болашағымыз үшін жандарын қиған жерлестеріміздің есімдерін ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу біздің қасиетті парызымыз деп білемін.

Жеңіс күні бізміз үшін айрықша қымбат, қасиетті мереке. Біздерге бейбіт те, бақытты өмір сыйлаған аталарымыз бен апаларымыздың алдында мәңгілік ерліктерінің алдында басымызды иеміз. Ұлы Отан соғысына өз еркімен аттанып, өзінің азаматтық

борышын абыроймен өтеп, ұрыс даласында жанын пидә еткен атам Мухамедиев Файзолла жайлы сөз қозғағым келіп отыр. Әкем де, мен де ата жолын қуып мұғалім мамандығын таңдаған едік.

Атам жайлы атсам, Мухамедиев Файзолла 1899 жылы туған, ауыл мектебінде алғашқы білім алып, кейін Петропавл қаласында бастауыш мектеп оқытушысы техникумның бітірген. Алғаш еңбек жолын ауылдық жерде мұғалімдіктен бастап, 1930 жылдары Бейнетқор ауданының оқу бөлімін басқарған. Алғашқы бесжылдықта қазақ ауылдарында бастауыш мектептерін ашып, ауылдағы ересектерді кешкі мектепте оқытып, сауаттандыру жұмысына белсене араласқан. Сол кездегі қиындықтарға қарамастан, ағартушылық идеяларымен қанаттанған жас оқу бөлімінің бастығы кездеген мақсатын орындауға құлшына кірседі. Ауылдарды аралап халыққа оқу мен білімнің маңызы мен мақсатын түсіндіреді. Оның бұл талабын халық та қуаттайды. Ұлтты өркендетке бастайтын тек білім екенін терең сезінген ол қазақ даласында жас ұрпақты оқыту ұранын көтереді.

Жастарды:

— Кел балалар оқылық,

Оқығанда көңілең,

Ықыласпен тоқылық! — деп Ыбырай Алтынсарин еңбектерін оқушылар алдына тартты.

Мұғалімге деген зор ықыласын атам «Маған мектеп мұғалімі бәрінен қымбат, өйткені мұғалім — мектептің жүрегі» — деп білдіретін. 1941 жылы атам Ұлы Отан соғысы басталғанда Совет ауданы әскери комисариатының шақыру қағазы келгенде ойланбастан әскер қатарына аттанды. Мәні сұрапыл соғыс жылдарында Отанымызды қорғау жолында аянбай шайқасып Белоруссияға дейін жеткен болатын. Кіші лейтенант Файзулла Мухамедиев 1943 жылы 30 желтоқсанда Белоруссия Витебск облысы Бастово селосын азат еткенде қаза тапқан екен. Файзулла атам ерлігі үшін «1-шідәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен марапатталған. Әкем дүниеден озғаннан кейін атам туралы естеліктер іздегістерін болатынын. Атамнан қалған артында мына құжаттарды музей директоры қызметін атқарып жүріп, архивке іздеу салған кезде алған едім.

Атам жайлы кезінде әкем Мухамедиев Теңдік Файзоллаұлынан естіген едім.

Тылдағы еңбек майдандағы ерлікпен бірде-бір кем болған жоқ. Тәулік бойы көбіне аяқ далада, қақаған аязда ұақытын санаспай жұмыс істеді. Ер азаматтардың орнында қалған қарт адамдар, әйелдер, жас балалар барлық ауыртыпалықты көтере отыра колхоз жұмысына белсене араласты. Осы тұста тыл ардагері, соғыс жылдары тылда еңбек еткен ата мен апаларымыз жайлы да біліміз қажет, сол себепті әкем мен анам жайлы да жаза кетсем деп едім.

Мухамедиев Теңдік Файзоллаұлы — ауылдың тарихында елеулі із қалдырған адам. Әкем 1929 жылы 20 мамырда туған. Сарыто-мар жетіжылдық мектепте білім алып, соғыс жылдарында өзінің жастығына қарамай жетіжылдық мектепте мұғалім болып қызмет атқарған. Білімін тек 1949 жылы Петропавл педагогикалық училищесіне түсіп жалғастырған. 1949-1951 жылдары Петропавл мұғалімдер институтында оқуын жалғастырып, биология мен география мұғалімі мамандығын алады.

1951 жылы Бұлаев ауданы Ворошилов жетіжылдық мектебінде география мен биологиядан сабақ берген. 1952 жылы қыркүйек айында Еңбекші қазақ мектебіне оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалған. 1953 жылы мектепті Сулушқо ауылына ауыстыра-ды. Әкем осы мектепте география мен биологиядан сабақ берген.

1955 жылы Сарытомар орта мектебіне ауысты. 1966-1969 жылдары Абай атындағы Алматы педагогикалық институтын сырттай оқыған. Сарытомар орта мектебінде әкем жас ұрпақтарды оқытып, тәрбиелеу саласында тапжылмай қызмет атқарып зейнеткерлікке шығып, тағы да он жыл ұстаздық жолын жалғастыра отыра жарты ғасыр 50 жыл аянбай қызмет атқарған.

1978 жылы «Қазақстан Республикасының оқу ісінің үздігі» Знаңогімен және тыл ардагері «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысы жылдарындағы еңбектері ерлігі үшін» медалдармен марапатталған.

1956 жылы күзде Мухамедиева Қадияша Мұқатайқызымен отау құрып, 56 жыл бақытты өмір кешті. Анам да соғыс жылдарында жастайынан еңбек еткен. Анамның айтуына қарағанда колхоз жұмысына қол ұшын берген, егін даласында анасы, ағаларымен бірге егін алқабында масақ терген.

Мухамедиева Қадияша Мұқатайқызы 1935 жылы 2 мамырда Совет ауданы Астраханка селосында дүниеге келген. Астраханка жетіжылдық мектепті бітіріп, 1953 жылы Петропавл қаласындағы медициналық училищеде фельдшер-акушер мамандығы бойынша білім алып, еңбек жолын 1956 жылы Сарытомар ауылынан бастаған. Сарытомар, Теңелдік, Қызылту ауылдарына қарасты болған фельдшерлік пункт Сарытомар ауылдық Советінің бір белмесінде орналасқан болатын. Анамыз үш елді мекенге көлік жоқ жаяу немесе атпен қатынап көмек көрсеткен. Анам қызмет істеген жылдары Сарытомар медпункті аудандағы материалдық базасы мықты емдеу орны болды.

Қадияша Мұқатайқызы Социалистік жарыстың жеңімпазы атанып, мақтау грамотасы және бағалы сыйлықтармен марапатталып, осы салада тапжылмай 32 жыл қызмет атқарды. Ана атану құрметіне бөленген талай жандарға ізгілік пен ілтипатын көрсете отыра дүниеге өзі де саби әкелді. Мейірімге толы жүзіне қарап, көңілдері орнына түскен адамдар аз болған жоқ. Әйел жаратылысынан жаны нәзік жан ғой, өмірге ұрпақ әкеліп, ана болу бақытына кенеліп дүниеге алты бала әкелді. Ата-анамыз қолдарынан келгенше алты баланы да оқытып, білім алдыра білді. Анамыз Қадияша Мұқатайқызы 2012 жылы 9 желтоқсанда, әкеміз Теңдік Файзоллаұлы 2013 жылы қыркүйек айының 13-ші жұлдызында дүниеден өтті.



Айгүл ЖҮНІСПАЕВА,

«Мағжан Жұмабаев музейі» филиалының директоры.

ГІР СПОРТЫ

ЕРІК ӘЛІБАЕВ - ӘЛЕМ КУБОГЫНДА 4 КҮМІС МЕДАЛЬ ЖЕҢІП АЛДЫ



26-30 сәуір аралығында Ханабад қаласында (Өзбекстан) гір спортты бейынша халықаралық жарыстар — 18 жасқа дейінгі үлдер мен ардагерлер арасында Әлем кубогы өтті.

Турнирге Ресей, Қазақстан, Өзбекстан, Беларусь және басқа да әлемнің 22 елінен 200-ге жуық мықты спортшы қатысты.

Осы беделді жарыстарда Солтүстік Қазақстан облысының намысын біздің спортшылар абыроймен қорғап, лайықты өнер көрсетті.

Мәселен, атакты Ерік Әлібаев бұл жарыста ұзақ цикл, кеудеден гүрді итеру, серпіліс, сондай-ақ көпсайыс сомасы бойынша төрт күміс медаль жеңіп алды.

Белгілі спортшы тәжірибелі тәлімгер Сергей Гуревичтің жетекшілігімен жаттығады, ол көптеген жылдар бойы аймақта гир спортын дамытып, чемпиондардың жаңа буынын тәрбиелеп келеді.

Әлем кубогында жақсы нәтиже көрсеттім деп ойлаймын. Дегенмен, бірқатар қателіктер болды. Жеке бапкерімнің жаныма болмағаны да әсер еткен шығар. Жалпы көрсеткен жетістігіме көңілім толады.

Өзбекстан еліне барып, жоғары деңгейде өнер көрсетуімен қолдау білдірген Мағжан Жұмабаев ауданының әкімі Рахат Смағұловаға және басқа да жерлестеріме алғыс айтамын. Отан қорғаушылар және Жеңіс күні мерекелеріне орай, баршаларыңызға мықты денсаулық, отбасыларыңызға амандық, еңбектеріңізге табыс тілеймін, - дейді Ерік Кәрімжанұлы.

Жалпы гир спорты - бұл күш пен төзімділік қана емес, сонымен қатар жоғары техникаға, тәртіп пен адалдыққа тәрбиелейді.



АУДАН ҚҰРАМАСЫ ЛАЙЫҚТЫ ӨНЕР КӨРСЕТТІ

30 сәуір мен 3 мамыр аралығында Петропавл қаласында мүмкіндігі шектеулі жандар арасында «Үміт» спартакиадасы өтіп, оған облыстың әр ауданынан 330-дан астам спортшы қатысты. Жарыс 10 спорт түрі бойынша ұйымдастырылып, спортшылар үстел теннисі, шахмат, дойбы, дартс, тоғызқұмалақ, пауэрлифтинг, бочча және жеңіл атлетиканың бірнеше түрінен сынға түсті.

Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы да облыстық жарыста бақ сынап, лайықты өнер көрсетті.

Атап айтқанда, ядро лақтыру (тірек-қимыл аппаратында зақым бар санатында) жарысында Иванченко Анна (Булаев қаласы) 1-ші орынды жеңіп алса, Баймағамбетов Сайран (Возвышен а/о) 2-ші орынды иеленді.

Дойбы (естуден, көруден зақым бар санатында) сайысында Ысқақов Серік пен Кучерявая Софья (екеуі де - Булаев қаласы) қола жүлдегер атанды.

Дартс ойынында (тірек-қимыл аппаратында зақым бар санатында) Оралов Қапар (Булаев қаласы) спартакиада чемпионы атанып, алтыннан алқа тағынды.

Жеңіл атлетика жарысында 200 метр қашықтыққа жүгірген (көруден зақым бар санатында) Зайцева Валерия (Возвышен а/о) да алтын медальды ұтып алды.

60 метр қашықтыққа жүгіруден (тірек-қимыл аппаратында зақым бар санатында) Ходаров Қайыргелді (Ноғайбай би а/о) 1-ші орынды жеңіп алса, Иванченко Анна (Булаев қаласы) 2-ші орыннан көрінді.

Ұзындыққа секіру сайысында (тірек-қимыл аппаратында, естуден, көруден зақым бар санатында) Ходаров Қайыргелді (Ноғайбай би а/о) мен Зайцева Валерия (Возвышен а/о) күміс медальдарды иеленсе, Дроздов Евгений (Чистов а/о) қола медальды місе тұтты.

Билғы жылы спартакиадаға қатысушылар санының артқаны байқалды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған спорттың дамып келе жатқанын көрсетеді. Олар физикалық мүмкіндіктерін арттырып, өздерінің жетістіктерін елге танытуда. Мұндай жарыстар спорттың барлық адамдар үшін қолжетімді екенін көрсетеді.

Біз спартакиадаға белсене қатысып, аудан намысын абыроймен қорғаған барлық қатысушыларға батылдығы, табандылығы және жеңіске деген ұмтылысы үшін шын жүректен алғысымызды білдіреміз. Аудан құрамасының барлық мүшесіне мықты денсаулық, шабыт пен жаңа жеңістер тілейміз.

**Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің
басшысы.**

АУДАНДЫҚ ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ СПАРТАКИАДА

«ЖАС ҰЛАН» КЛУБЫ – ӘСКЕРИ-СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТЫҢ ЖЕҢІМПАЗЫ

Жарыста бақ сынаған оқушылар жақсы дене шынықтыру дайындығын ғана емес, сонымен қатар халқымыздың тарихи ерлігіне терең құрмет көрсетті. Жарыс бағдарламасы алты сайыстан тұрды:

«Жедел марш» - төзімділік пен командалық өзара әрекеттесуді тексеру;
«Мерген атқыш» - доптарды атуды имитациялайтын нысандарға лақтыру;
«Командалар шайқасы» - ептілік пен күш эстафетасы;

«Автоматты жинау және бөлшектеу» - жылдамдық пен дәлдік сыналды;
«Батырдың күші» - күш пен төзімділік сынақтары;

«Медсанбат» - шартты түрде жараланғандарға алғашқы көмек көрсету және зардап шеккендерді тасымалдау.

Әр кезең қатысушылардан тек дене шынықтыруды ғана емес, сонымен қатар ойлау жылдамдығын, ұйымшылдықты және командада әрекет ету қабілетін талап етті. Барлық турлар барысында балалар табандылық, өзара көмек және нағыз жауынгерлік рухты паш етті.

Жарыстың жеңімпазы болып «Жас Ұлан» командасы танылды. Екінші орынды «Патриот» командасы, үшінші орынды «Барс» командасы иеленді.

Барлық қатысушылар белсенді қатысқаны және жастар арасында патриоттық тәрбиені дамытуға қосқан үлесі үшін естелік медальдармен және грамоталармен марапатталды.

Жастар ресурстық орталығы аудандық білім бөліміне, дене шынықтыру және спорт бөліміне іс-шараны өткізуге



5 мамыр күні ауданның білім бөлімі мен дене шынықтыру және спорт бөлімінің қолдауымен аудандық жастар ресурстық орталығы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 80 жылдығына орай, ауқымды спорттық-патриоттық іс-шара өтті. Аталмыш жарысқа Булаев қаласы мен Медвежа ауылының мектептерінен 5 команда қатысты.

жәрқолдау көрсеткені үшін, сондай-ақ әскери-спорттық жарысты дайындауға және ұйымдастыруға қатысқан барлық педагогтарға, тәлімгерлер мен

еріктілерге шын жүректен алғысын білдіреді.

Бұл іс-шара тек спорттық жарысқа ғана емес, сонымен қатар жастарды

ата-бабаларымыздың ұлы ерлігін есте сақтау және оны ұрпақтар арқылы алып жүру үшін біріктірген нағыз тарих сабағына айналды.



Дүйсенбі, 12 мамыр	Сейсенбі, 13 мамыр	Сәрсенбі, 14 мамыр	Бейсенбі, 15 мамыр	Жұма, 16 мамыр	Сенбі, 17 мамыр	Жексенбі, 18 мамыр
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30 «КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ». 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.30 АҚПАРАТ. 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 АПТА. 15.00 ҚОС ПАЛАТА. 15.20, 04.50 ЕҢБЕК АДАМЫ. 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.25 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.20 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.50 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 АҚОРДА. 14.20, 04.50 Д/Ф. 14.50, 21.20 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.50 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 02.25 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10 ЕҢБЕК АДАМЫ. 14.50, 21.20 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 15.50, 03.50 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 03.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 1001 ТҮН. 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ФУТБОЛ.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 01.25 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10, 03.50 ОТБАСЫ КҮНІ. 14.40, 21.20 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 15.50, 04.20 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.00 «АШЫҚ АЛАҢ». 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.15 1001 ТҮН. 00.15 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 02.50 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30, 10.00, 14.00, 17.00, 20.00, 23.10 АҚПАРАТ. 07.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.10 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.10 Т/Х «АУЫЛ МҰҒАЛИМ». 13.10 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 14.10, 04.25 «ҮНСТЗ КЕЛМЕЙДІ». 14.40 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 15.50, 03.25 ТАТУ-ТӨТТІ. 17.10 Т/Х «ӘСКЕРИ АНТ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.30, 02.30 «АШЫҚ АЛАҢ». 21.25 ЖАҚСЫЛЫҚ ЖАСА. 22.15 Т/Х «ЛӘЙЛӘ». 23.45 ПАРАСАТ МАЙДАНЫ. 00.20 ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ. 01.30 САНА.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30, 17.00, 00.40 АҚПАРАТ. 07.00, 03.50 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 08.00 «ТАՆШОЛПАН». 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 КОНЦЕРТ. 14.00 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 16.10, 03.05 ЕҢ ДӨМДІ. 17.20, 01.05 ҚОС ПАЛАТА. 17.40, 01.25 ӘЛЕМ ЖӨНЕ БІЗ. 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00 ЗАМАҢДАСТАР. 21.10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 22.20 «ҰЛЫ ДАЛА ТАҢЫ» Х/Ф. 01.45 «ТЕЛЕДӨРГЕР». 02.20 Д/Ф.	06.00 ӘНҰРАН. 06.05 «КҮЙ-КЕРУЕН». 06.30, 00.30 «ЗАМАҢДАСТАР». 07.35 «АҚСАУЫТ». 07.55 Қ. БЕКШПІН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШІ. 09.20, 03.50 ТЕЛЕДӨРГЕР. 10.00 Т/Х «ЗЕЙНЕП». 12.00 Ш. КАЛДЯКОВТЫҢ ШЫҒАРМАШЫ ЛЫҒЫНА АРНАЛҒАН КЕШІ. 14.00 Т/Х «ҚУДАША ҚЫЗ». 16.10 МУЗЕЙ КҮНІ. 16.35 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕСУ». 17.10 «ӘЗІЛ ӘЛЕМ». 18.00 Т/Х «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». 20.00, 01.45 АПТА. 20.50, 02.35 АҚОРДА. 21.00 КӨНІЛ ТОЛҚЫНЫ. 22.40 «ОЛИВЕР ТВИСТ» Х/Ф. 02.50 Д/Ф. 04.20 «КУМІС КОМЕЙ».

Дүйсенбі, 12 мамыр	Сейсенбі, 13 мамыр	Сәрсенбі, 14 мамыр	Бейсенбі, 15 мамыр	Жұма, 16 мамыр	Сенбі, 17 мамыр	Жексенбі, 18 мамыр
ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР	ХАБАР
05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 PRESIDENT. 12.15 ӘЛЕУМЕТ. 12.30 ОЙНАҒО. 13.30 Т/Х «ӘГЕЙ ЖҮРЕК». 15.00 Д/Ф. 16.00, 23.30 Т/Х «ИГРА С ТЕНЬЮ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 19.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 20.00 Т/Х «БАХАР». 22.30 КЕШІРЕС. 00.30 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.00 КӨЗҚАРАС. 12.30, 19.00 Т/Х «АЛ- ПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.30 Т/Х «ӘГЕЙ ЖҮРЕК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «ИГРА С ТЕНЬЮ». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШІРЕС. 23.30 Т/С «ЧЕРНАЯ МЕССА». 00.30 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 ТАМАША. 12.30, 19.00 Т/Х «АЛ- ПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.30 Т/Х «ӘГЕЙ ЖҮРЕК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/С «ЧЕРНАЯ МЕССА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШІРЕС. 23.30 Т/С «КУКОЛЬНИЙ ДОМИК». 00.30 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 БІР КІТАП. 12.00 ДӨСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «АЛ- ПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.30 Т/Х «ӘГЕЙ ЖҮРЕК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00 Т/Х «ЧЕРНАЯ МЕССА». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 КЕШІРЕС. 23.30 Т/С «КУКОЛЬНИЙ ДОМИК». 00.30 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ДҮЛДҮЛДЕР ДҮБІРІ. 06.00 Т/Х «ПӨЛЕНШЕЕВТЕР-4». 07.00 ОЯН. 09.00 М/Ф. 09.30, 21.00 Т/С «ЗИМОРОДОК». 11.30 НЕОСЕТЬ. 11.50 БІР КІТАП. 12.00 ДӨСТҮР. 12.30, 19.00 Т/Х «АЛ- ПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.30 Т/Х «ӘГЕЙ ЖҮРЕК». 15.00, 20.00 Т/Х «БАХАР». 16.00, 23.30 Т/С «КУКОЛЬ- НИЙ ДОМИК». 18.00 НОВОСТИ. 18.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 22.30 ОЙНАҒО. 00.30 Т/С «ПЕРЕКРЕСТОК». 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.30 КУЛЬТУРНЫЙ КОН- ТЕКСТ. 10.00 М/Ф. 11.30 М/Ф «ПАНДА И КИВИ». 12.00 «ПОМПЕЙ», Х/Ф. 14.00 «ХХІ ҒАСЫР КОШБАСШЫСЫ». 15.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 16.15 «АҒАШКИ ПО ВЫЗОВУ-2», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 БІЗДІН НАЗАРДА. 19.00 КЕШ ЖАРЫК! 21.00 «СЧАСТЛИВОЕ ЧИСЛО СЛЕВИНА», Х/Ф. 23.00 «ВЛОБЛЕН БЕЗ ПАМЯТИ», Х/Ф. 00.30 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 01.00 КР ӘНҰРАНЫ.	05.00 ЖЕТИ ҚАЗЫНА. 07.00 КОНЦЕРТ. 09.00 М/Ф. 10.30 М/Ф «БЕЛКА И СТРЕЛКА. ЗВЕЗДНЫЕ СОБАКИ». 12.00 «СЧАСТЛИВОЕ ЧИСЛО СЛЕВИНА», Х/Ф. 14.00 АЗАМАТ. 15.15 КЕШ-ЖАРЫК. 16.30 «ВЛОБЛЕН БЕЗ ПАМЯТИ», Х/Ф. 18.00 7 КҮН. 18.45 НАРОДНЫЙ КОН- ТРОЛЬ. 19.00 АЛҒАШҚЫ. 20.00 ҚЫЗЫҚ ТІMES. 21.00 «ПОМПЕЙ», Х/Ф. 23.00 «АҒАШКИ ПО ВЫЗОВУ-2», Х/Ф. 00.30 КР ӘНҰРАНЫ.

Дүйсенбі, 12 мамыр	Сейсенбі, 13 мамыр	Сәрсенбі, 14 мамыр	Бейсенбі, 15 мамыр	Жұма, 16 мамыр	Сенбі, 17 мамыр	Жексенбі, 18 мамыр
ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ	ЕВРАЗИЯ
06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 Т/С «У ПРИЧАЛА». 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША CITY.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША CITY.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША CITY.	06.00, 02.15 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 Т/С «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ». 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.40 НОВОСТИ. 14.15, 02.00 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПОТЕРЯННЫЕ». 00.40 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР. 03.40 ТАМАША CITY.	06.00, 02.30 П@УТИНА. 07.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.00 ДОБРОЕ УТРО, ҚАЗАҚСТАН! 10.00 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 10.50 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 11.45 «Я НЕ МОГУ БЕЗ ТЕБЯ», Х/Ф. 12.45 ПУСТЬ ГОВОРЯТ. 14.00, 01.50 НОВОСТИ. 14.15, 02.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.20 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 «ПАРЛАМЕНТ ONLINE». 20.55 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.10 «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ», Х/Ф. 03.45 ТАМАША CITY.	06.00, 03.35 ТАМАША CITY. 07.30, 02.45 «П@УТИНА». 09.20 ҚАЙМАҚ. 10.00 Т/С «ПЕРВОЕ ПРАВИЛО КОРОЛЕВЫ». 14.10 «ТЕЛОХРАНИТЕЛЬ», Х/Ф. 18.00 «УСКОЛЬЗАЮЩАЯ ЖИЗНЬ», Х/Ф. 20.00 АСАУ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.30 ЗАМЕН ЕЛ. 20.55 «ФАЛШИВНАЯ НОТА», Х/Ф. 00.50 НОЧНОЙ КИНОТЕАТР.	06.00, 02.45 ТАМАША CITY. 07.45, 01.50 «П@УТИНА». 08.40 ВОСКРЕСНЫЕ БЕСЕДЫ. 08.55 ПОЕХАЛИ. 09.40 «СЕДЬМОЕ НЕБО», Х/Ф. 14.00 Т/С «ВИОЛЕТТА ИЗ АТАМАНОВКИ». 18.00 «ИДЕАЛЬНОЕ УБИЙСТВО», Х/Ф. 20.00 АНАЛИТИКА. 20.45 Т/С «ФАЛШИВНАЯ НОТА». 00.40 ЧТО? ГДЕ? КОГДА?

Ерлік - елдің қасиеті, жүректілік - жігіттің қасиеті.
Ежелден ер тілегі – ел тілегі.
Адал ұл ер боп тұса – ел тілегі.
Шындық – бұл ерлікте тәрбиелеудегі ең бір құнарлы құрал.
Табандылық – батылдық қалқаны.
Жеңіс өздігінен келмейді.
Бауыржан МОМЫШҰЛЫ.



«ҒАСЫРЛАР БОЙЫ ӨШПЕЙТІН ЕРЛІК»



ЕР ЕСІМІ - ЕЛ ЕСІНДЕ

Бүгін Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 75 жыл толады. 1941 жылдың наурызында басталып, үздіксіз 5 жылға, яғни 1 418 күнге созылған еррарлы соғыста Кеңес Одағы сұрамындағы республикалардың азаматтарымен қатар қазақстандықтар да қатысты. Соңғы деректер бойынша Қазақстанда майданға аттанған 1 млн 200 мың жауынгердің 600 мыңы соғыстан қайтып оралмады.

Бұл соғысқа Қазақстан Кеңестер Одағының бір бөлігі ретінде қатысты. Қазақстан соғыс уақытында майдан қажетіне қарай бейімделді. Көптеген әскери дивизиялар мен бригадалар, артиллерия, миномет, авиация полктері және дербес батальондар құрылды. Қазақстан жауынгерлері кеңес-герман майданының шешуші шайқастарына қатысты. Соғыстың алғашқы сәтінде шекара шебіндегі Брест қорғанысын қорғаушылар қатарында мыңдаған қазақстандықтар болды. 1941 жылғы қыркүйектің аяғында басталған Мәскеу түбіндегі шайқаста генерал И.Панфилов басқарған 316-атқыштар дивизиясы ерекше көзге түсті. Мұнда Бауыржан Момышұлы басқарған 1073-гвардиялық атқыштар полкі жау шабуылына ерлікпен тойтарыс берді. Қазақстандық әскери құрамалардың үштен бірі 1941 жылғы 9 қыркүйектен бастап Ленинградты қорғауға қатысты.

Қазақстан 1942 жылдың жазында Сталинград шайқасының ең жақын тылына айналып, соғыс қимылдарына Батыс Қазақстандағы темір жол стансалары мен елді мекендер кенінен тартылды. Курск шайқасында және басқа да майдандарда қазақстандық құрамалар мен бөлімдер болды. Балтық бойы республикалары, Украина мен Белоруссияны, Шығыс Еуропаны азат етуге және Берлин операциясын жүзеге асыруға қазақстандық жауынгерлер де қатысты. Қазақстандықтар партизан соғысына да белсене қатысты. Ленинград облысындағы шайқастарда - 220, Смоленск жерінде - 270-тен астам, Украина мен Белоруссияда - 3000-дай қазақстандық ерлік көрсетті. 300-дей қазақстандық Еуропадағы қарсылас қозғалысына қатысты. Фашизмге қарсы соғыс жеңіспен аяқталғаннан кейін қазақстандық жауынгерлер Квантун армиясына қарсы шайқасты. Бұл үлкен шайқастарға Сулышоқ ауылының тумалары да қатысып, жаумен жанкешті соғысты. Олар еліміздің көлешігі, болашақ ұрпақтары үшін күресіп, жан берісті. Сондықтан 9 мамыр - Жеңіс күні мерекесінде біз ауылдан майданға аттанған барша ауылдастарымызды еске алып, азын-аулақ ақпарат беруді жөн көрдік.

Байбосынов Жайлаубай - 1915 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында туған. Булаев аудандық әскери комиссар

риатта (одан өрі - АӘК) 1941 жылы есепке алынды. 1941-1943 жылдар аралығында әскери қызметін өтеген. Калинин соғысында 126-шы АП 16-шы армияда қатардағы жауынгер болған. Ауыр жараланған. «2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Жеңістің 30 жылдығы үшін», «Жеңістің 40 жылдығы үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған. 2003 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Бектембаев Моди - 1916 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында туған. 1940 жылы әскерге шақырылып, Булаев АӘК 1946 жылы есепке алынды. 1941-1945 жылдар аралығында әскери қызметін өтеген. Ленинград, Солтүстік Батыс ұрыстарында 23-ші гвардиялық батарея командирі, капитан болған. «2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1997 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Бектембаев Сәдуақас - 1909 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында дүниеге келген. 1940 жылы әскерге шақырылып, Булаев АӘК 1945 жылы есепке алынды. 1941-1945 жылдары әскери қызметін өтеген. «2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1987 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Есембаев Сағынтай - 1915 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында дүниеге келген. 1941 жылы әскерге шақырылып, Булаев АӘК 1945 жылы есепке алынды. 1941-1945 жылдары әскери қызметін өтеген. Кіші сержант атағында 772 танктер полкіне жүргізуші болған. «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысының ардагері» белгісімен және көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1976 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Есембеков Оразғали - 1909 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында туған. 1941 әскерге шақырылып, Булаев АӘК 1945 жылы есепке алынды. 1941-1945 жылдары әскери қызметін өтеген. Қатардағы жауынгер, мерген болған. «2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Кенигсбергті алғаны үшін»,

«Жеңістің 25 жылдығы үшін», «Жеңістің 30 жылдығы үшін», «Жеңістің 40 жылдығы үшін» мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1990 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Зайнуллин Карим - Ақмола облысы, Рузаев ауданы, Мақура селосында 1903 жылы туған. 1941 жылы әскерге шақырылып, Рузаев АӘК 1945 жылы тіркелген. 1941-1945 жылдары әскери қызметін өтеген. Қатардағы жауынгер 54-ші АП, 95-ші гвардияда АП жүргізуші болған. «Германияны жеңгені үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1976 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Қазанов Сатыбалды - 1925 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында туған. Булаев АӘК 1942 жылы тіркеуге алынған. Армияда қатардағы жауынгер болып, Белоруссия майданында 1942-1943 жылдары 11 механикалық дивизиясының 48 механикалық бригадасында әскери қызметін өтеген. Жарақатталған. «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін» және «Кенигсбергті алғаны үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1972 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Нұрғалиев Фаттах - 1915 жылы Көкшетау облысы, Рузаев ауданында туған. 1941 жылы әскерге шақырылған. Октябрь АӘК, Советский АӘК 1945 жылы есепке алынған. Сталинград ұрысында 29 атқыштар дивизиясының 229 атқыштар полкіне атқаш болған. Украин соғысында 61-ші гвардия дивизиясында 189-шы атқыштар полкіне атқаш, 3-ші бөлімнің атқыштар командирі лауазымдарын атқарған. 3-ші Украин соғысында кіші лейтенант атағында болған. «2-ші дәрежелі Даңқ» ордені, «Германияны жеңгені үшін», «Жеңістің 30 жылдығы үшін», «Жеңістің 40 жылдығы үшін», «Ерлігі үшін» медальдарымен марапатталған. 1989 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Нұрқенов Оразак - 1923 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында туған. Булаев ауданы Первомайский селосы округінен АӘК 1943 жылы әскерге шақырылған. 1941-1945 жылдары әскери борышын өтеген. 1942-1943 жылдардағы ұрыстарда қатардағы жауынгер, атқыштар дивизиясы, 6-шы гвардия, 2-ші монометилер құрамында болды. 1943 жылы Ұлы Отан

соғысында сол қабырғысынан минаның сынығы тиіп жараланған. «2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Жеңістің 25 жылдығы үшін», «Жеңістің 30 жылдығы үшін», «Жеңістің 40 жылдығы үшін», «Жеңістің 50 жылдығы үшін». 2002 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Сүйіндіков Балтабай - 1942 жылы әскерге шақырылған. 1942-1943 жылдары артиллерия полкіне барлаушы болған. 1943 жылы 1-ші гвардиялық өуе-барлаушы десанттар бригадасында әскери борышын өтеген. 1943 жылы запастағы атқыштар полкіне әскери қызметін жалғастырған. «1-ші дәрежелі Даңқ» орденімен, «Ерлігі үшін» және басқа да мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1968 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Сүйіндіков Жанбота - 1908 жылы туған. 1941 жылы Булаев АӘК майданға шақыртылған. 262 атқыштар бригадасында бөлім командирі болып әскери борышын өтеген. Жапониямен болған ұрыста Кеңес Әскерлері құрамында соғысқан. «Жапониядағы жеңісі үшін», «Жеңістің 30 жылдығы үшін» және басқа да көптеген мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1982 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Ханафин Қамалбек - 1914 жылы СҚО, Булаев ауданы, Сулышоқ ауылында дүниеге келген. 1941 жылы әскерге шақырылған. 1941-1943 жылдары 81-ші гвардиялық атқыштар дивизиясы құрамында жаумен шайқасып, 4344-ші Эвакуациялық госпитальде санитар болған. «2-ші дәрежелі Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», «Ерлігі үшін», «Сталинградты қорғағаны үшін», «Жеңістің 30 жылдығы үшін», «Жеңістің 40 жылдығы үшін», «Жеңістің 50 жылдығы үшін» мерейтойлық медальдармен марапатталған. 1994 жылы қайтыс болып, Сулышоқ ауылында жерленген.

Ауылымызда Ұлы Отан соғысынан оралмаған ардагерлеріміз де бар. Мәселен, **Атығас Ахметжан, Бейсенбаев Рамазан, Білелов Пазы, Бектембаев Қайырлы, Есенбаев Сағындық, Есенқұлов Сәрсенбай, Нұрекин Байғазы, Нұрекин Шеріп, Сәрсенов Белгібай, Сарымов Тасболат, Қылбашбаев Абылай, Төлеуов Балташ, Хасенов Кенжалы** сынды ардагерлер де туған елі мен жері үшін адал қызмет етті, сондықтан қазіргі жастардың негізгі мақсаты - ардагерлердің ерлігін есте сақтап, мақтан тұту.

Жеңіс күні бәріміз үшін айрықша қымбат, қасиетті мереке. Бұл тек, сол соғыста жеңіске жеткенімізді атап өтетін күн ғана емес. Ол - сол соғыста Жеңісті жақындау үшін жан аямай шайқасып, қан майданнан оралмай, еліміздің берік қорғанындай болып қалған арыстарымызды еске алатын күн.

Мариям КАЗЕНОВА,
Сулышоқ ауылының кітапханашысы.

Директор - бас редактор
Незия ГОНЧАР

Газеттің мәтінгі иесі:
«Азат» «Весты» ЖШС

Редакцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы, Булаев қаласы, Батыр Баи көмесі, 13 үй.
Тел: 2-17-49.
Басылым индексі 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет аптасына
1 рет бейсенбі күні
шығады

«Magjan zhuldyzy» газеті
редакцияда теріліп беттеледі.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл қ., Копуков к-сі, 5 үй).
Тарауымы - 570

Газет аудан аймағын, аудандық
мәслихаттың тапсырысы бойынша
шығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізудегі ресми басылым болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынып, №17395 - Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан Жұлдызы» газетінің мәтінгіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізіп беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады